

Мукатова Д.

**XIX ҒАСЫРДЫҢ II ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ
ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНЕ ШЕТЕЛ КАПИТАЛЫНЫҢ ЕНУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСҚА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ**

Мукатова Д.

**ПРОНИКНОВЕНИЕ ИНОСТРАННОГО КАПИТАЛА
А ТЕРРИТОРИЮ ТУРКЕСТАНА И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА МЕЖДУНАРОДНЫЕ
ОТНОШЕНИЯ ВО II ПОЛОВИНЕ XIX - НАЧАЛЕ XX ВВ.**

D.Mukatova

**THE PENETRATION OF FOREIGN CAPITAL
AND THE TERRITORY OF TURKESTAN AND ITS IMPACT ON
INTERNATIONAL RELATIONS IN THE SECOND HALF OF XIX - EARLY
XX CENTURIES**

В данной статье рассматриваются вопросы привлечения иностранного капитала в Туркестанский край во II половине XIX и в начале XX веков и его влияние на межнациональные отношения.

In given article is considered questions of attraction of foreign funds in Turkestanskiy edge in II half XIX and at the beginning initially XX ages and his influence upon between nationality relations.

XIX ғасырдың II жартысында Түркістан өлкесіндегі қала халқының санын көбінесе әлеуметтік құрамы күрделі топ-мещандар құрды. Айналысатын кәсіптері бойынша мещандар әр түрлі топтарды біріктірді: олардың қатарына ұсақ саудагерлер де, қолөнер шеберханаларының иелері, қолөнершілер, шенеуніктер, адам тасушылар, т.б. жатады. Мещандардың құрамы мүлтік жағынан да әр түрлі еді. Олардың көп бөлігі кездейсоқ жұмыстардан түскен жалақыға әрең күндерін көріп отырды. Ал, бай жоғары тобы болса, айтарлықтай капиталға ие болды. Мещандардың бұл бөлігі саны жағынан азшылық еді, міне, осылардан буржуазия өкілдері шыға бастады.

Әсіресе, Түркістан өлкесінің Сырдария облысының үш уезінде: Шымкент, Ташкент, Әулиеата уездерінде қоныс аудару қарқынды жүрді. Әулиеатаға тіпті 1869 жылы-ақ Жетісудан артық қоныс аударушылар жіберілген болатын. 1887-1897 жылдары Шымкент уезінде қоныс аударушылардың 18 мекен-жайының негізі қаланды. Орыс мекендері негізінен Шымкентте тармақталған екі бағытта: Орынбор және Верный пошта жолдарының бойында орналысты [1, с.39-46].

Қала халқы Қазақстанда қоныс аударушылар есебінен қалыптасты және олардың өсу қарқыны қай облысқа қоныс аударушылар көп келсе, сол жерде жоғары болды. Қазақстанда қалыптасып келе жатқан буржуазия гильдиялы және ауқатты көпестер, айтарлықтай қаржысы мен

қозғалмайтын жеке меншігі бар мещандардан өсіп шықты. Ал, басқа топ өкілдерінен (шаруалар, ақсүйектер) шыққандар сирек еді. Фабрика-зауыт өнеркәсіп иелері үшін гильдияға жазылу міндетті болды. Жергілікті капиталистер үшін гильдияға мүше болу, олардың іскерлік мақсаттарының салмақты және негізді екендігін көрсетуге, қоғамда белгілі бір дәрежеге ие болуға және басқа капиталистермен байланыс жасауға мүмкіндік берді. Қазақтарды кәсіпкерлікке тарту процесі әлі қарқынды сипат ала қоймады. Дегенмен кәсіпкерліктің дамуының экономикалық жағдайларының өзі әлеуметтік және ұлттық оқшаулауды бірте-бірте жоя бастады. Өнеркәсіптің дамуына қарай жергілікті қазақтардан алғашқы өнеркәсіп жұмысшылары қалыптаса бастады. Ресей капитализмінің кеңейе дамуы, оның ұлттық шет аймақтарға жылжуы, шикізаттардың аса бай көздерін пайдалануы, өткізу рыноктарының кеңеюі, банк филиалдары мен кредит (несие) мекемелерінің тармақталған буындарын құрумен қабаттаса жүрді.

Ресей кәсіп иелері ауылшаруашылығы шикізатын өңдеумен қатар, Қазақстанның пайдалы қазбаларын, соның ішінде тау-кен қазу, көмір және мұнай кен орындарына үлкен қызығушылық танытып, өздерінің капиталдарын жеткізіп, пайдалы қазбалардың бірқатар кен көздері негізінде өнеркәсіп кәсіпорындарын құруды қолға алды. Тау-кен, тас көмір және мұнай саласындағы капитализмнің дамуы Қазақстанның өз қойнауынан пісіп-жетілген жоқ, сырттан келіп, жоғарыдан таңылды. Бұл саладағы капиталистік өнеркәсіп өзінің техникалық құрал-жабдықтары жағынан Орталық Ресей өнеркәсібінен анағұрлым артта қалды. Қазақстанды тек метрополияның шикізат көзі деп қараған патша үкіметі жергілікті машина индустриясының дамуына әдейі кедергі жасап отырды.

Капиталистік өндірістің қалыпты қызмет атқаруы үшін, өндірілген өнімді, оны тұтынушы алыс қашықтықтағы аудандарға тез жаткізетін дамыған жолдар торабы қажет. Еуропалық Ресейдің негізгі өнеркәсіпті орталықтарынан мыңдаған шақырым алыста жатқан, сондай-ақ өз территориясындағы қалалары мен сауда мекендерінің бір-бірінен зор қашықтықта орналасқан Қазақстан үшін бұл мәселенің ерекше маңызы болды. 1901-1905 жылдары салынған Орынбор-Ташкент темір жолы Сібір темір жолынан кейінгі, Қазақстанды кесіп өтетін екінші темір жол еді. Бұл жол Қазақстанды соншалық пайдалануға арналмаса да, Орта Азияның мақтасын, Волга бойының астығын барынша тиімді тасуды қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ, Орта Азия шекараларында соғыс бола қалған жағдайда әскер жеткізу мақсатында салынды.

Дегенмен, Орынбор-Ташкент темір жолы Қазақстанның Ресеймен экономикалық байланыстарының дамуында үлкен рөл атқарды, өлкеде тауар қатынастарының дамуына жағдай жасады. Жолдың барлық бағыты әкімшілік жағынан екі бөлікке бөлінді: Солтүстік бөлігі – Орынбордан Қазалыға дейін (946 шақырым) және Оңтүстік бөлігі – Ташкенттен Қазалыға дейін (790 шақырым). Жолдың оңтүстік бөлігі Түркістан өлкесінің Сырдария облысының жері арқылы, ал солтүстік бөлігі Торғай облысының Орынбор губерниясы және Орал облысының Темір уезі арқылы өтті. Жолдың жалпы ұзындығы 2090 шақырым болды, оның ішінде қазіргі Қазақстан территориясы бойынша солтүстігінде Ақбұлақ бекетінен, оңтүстігінде Келес бекетіне дейінгі – 1600 шақырым, яғни бүкіл жол ұзындығының төрттен үшін құрайды. Далалық облыстар үстімен 1701 шақырым жол өтті: Орал облысы бойынша – 120 шақырым, Торғай облысы – 534 шақырым және Сырдария облысы – 1047 шақырым. Бес ірі бекет – Ақмола, Шалқар, Қазалы, Перовск, Түркістан – Қазақстанды Ресеймен және Орта Азиямен байланыстыратын жол торабындағы негізгі пункттер болды [2, с.194-195]. Қазақстанды отар ел ретінде игеруге тікелей арналып салынған бірінші темір жол – Троицк қаласынан Сібір темір жолының Челябині стансасына дейін созылатын Троицк темір жолы болды. Жол қатынастары Министрлігінің жанындағы темір жол құрылысы комиссиясы 1911 жылы 14 маусымда елге қоныс аудару қозғалысын дамыту жолымен, өлкені отарлау мақсатында Троицк бағытының Қостанай бөлігін салуды ұйғарды. Троицк-Қостанай темір жолы Қазақстан жері бойынша 166 шақырымда өтті, ал Орск-Троицк темір жол бағытының салынуымен өлкенің бұл аудандағы ұзындығы 232 шақырым болды [2, с. 96].

Жолдардың салынуы ауылшаруашылық шикізатын өңдейтін өнеркәсіптердің тез

қарқынмен дамуын, қаржы және еңбек қорларының келуін күшейтті, шет аймақтың экономикалық дамуының маңызды кезеңі болды. Қазақстанның кен-зауыт өнеркәсібінен айырмашылығы, ауылшаруашылығы шикізатын ұқсату жөніндегі өнеркәсіп, жергілікті қажеттермен тығыз байланыста болып және өлкенің әлеуметтік-экономикалық өміріне белгілі бір ықпал жасады. Жетісуда жүн жуатын 650 жұмысшысы бар 8 өнеркәсіп, 4 былғары зауыты болды. Верный қаласында өндіріс қуаттылығы жылы төрт мың пұт өнім болатын ішек-қарын тазартатын кәсіпорын салынды. Қазақстанда 1910 жылы Верныйға жақын жерде Қарғалы кентінде бір ғана шұға фабрикасы салынды. Фабрика «Шахворостовтың сауда үйі» серіктестігінің иелігінде болды және қой мен түйе жүнінен солдаттарға арналған сұрғылт шиналь шұғасын өндірді. Мұндай шұғаға казак әскерлері, полиция және әскери мекемелер сұраныс етті. Қарғалы шұға фабрикасының өндіріс қуаты 1913 жылы 139 мың метр кездемеге жетті. 1913-1917 жылдары фабрика 1 млн. метрден аса кездеме өндірді [3, 68 п]. Басқа кәсіпорындардан, жергілікті қажеттілікті қанағаттандыратын – ағаш тілетін, қаш зауыттары, тас қашаушы және басқа бірқатар кәсіпшіліктерді атауға болады. Олар негізінен Верный қаласында және Верный уезінде шоғырланды. Сырдария облысындағы ірі кәсіпорындардың бірі Шымкенттегі шипалы жусаннан сантонин өндіру жөніндегі химия зауыты болды. Оны салған Орта Азияның ірі көпесі Н.И.Иванов болды. Мемлекеттік банктен 3 млн. сом қарыз ақша алған ол 1883 жылдың жазында бірінші гильді Орынбор көпесі Н.П.Санниковпен бірге Шымкент қаласында «Сантонин» серіктестігін құрады. Серіктестік дармин жинаушылар мен зауыт жұмысшыларына болмашы ақы төлеп, орасан зор пайда түсірді. Мәселен, оның бес жылдық пайдасының өсуін төмендегі кестеден көруге болады [4, с.20]:

1-кесте

«Сантонин» серіктестігінің бес жылдық пайдасы

Жылдар	Сантониннің жылдық сатылуы, тонна	Бағасы, сом (кг.)	Сом бойынша пайдасы
1901	8,1	17	98000
1902	14,1	25	256000
1903	13,4	27	271000
1904	17,4	28	374000
1905	7,6	32	200000

Сырдария облысында негізінен сыртқа шығару үшін шикізат өңдеу жөніндегі ұсақ кәсіпорындармен қоса, мақта тазарту өнеркәсібі де дамыды. 1910 жылы Шымкентте 38, Перовскіде – 5, Әулиеатада – 17, Қазалыда – 10

зауыт-фабрикалар жұмыс істеді. 1912 жылы Келес, ал 1914 жылы Велико-Алексеев зауыттары салынды. Құрылыс материалдары өнеркәсібі пайда болды. 1916 жылы Шымкент уезінің Георгиевка селосында жылына өндіріс

Қазақстанда тамық, дәм-татымдық өнімдер өнеркәсібі бірсыпыра дамыды, оның кәсіпорындары арасында Жетісу, Ақмола және Семей облыстарындағы ірі диірмендер, бірқатар май шайқайтын, шарап және сыра ашытатын зауыттар ерекше болды. Ең алдымен Жетісудағы темекі шаруашылығын айтуға болады. Бұл Верный және Сергиополь уездерінде, Сарканд және Үржар станицаларында дамыды. Верный уезіндегі 4 темекі плантацияларының екеуі орыстарға, екеуі жергілікті темекі фабриканттарына тиесілі болды. Бұл шикізаттың базасында темекі фабрикалары құрылды. 1910-1915 жылдары Верныйда үш темекі фабрикасы жұмыс істеп, онда 112 жұмысшы жұмыс істеді. Олар жылына 168,5 мың сомға өнім өндірді [5, с.180]. Тамақ өнеркәсібінің басты маңызды саласының бірі ұн өнеркәсібі болды. Ірі диірмендер өлкенің барлық қалалары мен ірі поселкелерінде болды. Сырдария облысы өнеркәсіп кәсіпорындарының көлемі бойынша 7-ші топқа жатқызылды, жылына 10-15 миллион сомның өнімі өндірілетін. 1913 жылдың соңында облыста 183 зауыт жұмыс істеді, 1914 жылы тағы 19 зауыт ашылды. Ол зауыттардың бәрі 1906 жылы Ташкент-Орынбор темір жол жүйесі ашылғаннан соң салынды, 183 зауыттың 127-сі Ташкент уезінде, оның 3-уі қаланың өзінде, Шымкент уезінде – 18, Әулиеатада – 25, Перовскіде – 9, Қазалыда 4 болды. Сырдария облысында көмірдің, қоғасынның, мыстың және алтынның ірі кендері болды. Алайда, олардан кен шығару жекелеме кәсіпкерлермен тым аз көлемде атқарылды. 1912 жылы облыс бойынша барлығы 100 мың пұт қана тас көмір, 214,4 мың пұт тұз, 5 мың пұт алебастр, 8 мың пұт әк қана қазып алынды [6, 73 б]. Сонымен бірге, шаруашылықпен шұғылдануға арналған металл және металл бұйымдары, өнеркәсіп құрылыстарына қажетті ағаш және құрылыс материалдары да көптеп келе бастады. Патшалық Ресейдің экономикалық артта қалғандығының көрінісі сол, тек жинау машиналары ғана емес, сонымен бірге Қазақстанға әкелінген алғашқы кетпендер де шетелдерде жасалынған болатын. Бұл жайында «Түркістан ауылшаруашылығы» журналы былай деп жазады: «Шетелдіктер біздің өзімізден гөрі, біздің рыногымызға көбірек қызығушылық танытуда. Түркістандағы біздер, Тулалық кетпендерді емес, енді бирмингем кетпендерін иемденудеміз» [7, 968]. Кетпен жасау өндірісін орыс фирмалары, бірінші дүниежүзілік соғыстан аз ғана уақыт бұрын да жөнге келтірген болатын. Алайда, бұл әрекеттер, фабрикада жасалынған кетпендерден төмен сапалылығы әрі

жергілікті жағдайларға жеткілікті бейімсіздігінің салдарынан әдәуір нәтиже бермеді. Шетелден әкелінген құрал-саймандар, жергілікті ұсақ өнеркәсіпшілер жасап шығарған бұйымдарға қарағанда, үлкен жол шығындарына қарамастан, сапасы жағынан да асып түсті, әрі анағұрлым арзан болды. Бірақ, бұл ақиқат, әсіресе, Оңтүстік Қазақстанда рыноктен қолөнер өнеркәсібін ығыстырудың көрінісі еді. 1913 жылы Қазақстан өнеркәсібінің 1502 миллион сом болатын негізгі капиталының 49,5 пайызы шетелдіктерге тиесілі болды. Егер бұған саудаға салынған шетел капиталын қосатын болсақ, бұл көрсеткіш 2005 миллион сомға, яғни 55 пайызға дейін күшейеді [8, с.48]. Керосин сатумен айналысатын «Ағайынды Нобель» фирмасының қоймалары Оңтүстік Қазақстанның Қазалы, Перовск, Меркі, Верный, Шымкент сияқты қалаларында орналасты. 1908 жылы Верный қоймасы Людвиг Нобельден «Альфа-Лаваль» сепараторларын 126 миллион сомға сатып алған [9, 8 п]. Капиталистік рынок жүйесінде бидайдың жоғары сапасымен қатар, оны көп мөлшерде өсіру керек болды. Осы мақсатқа сәйкес, бай қазақтар арасында біртіндеп, егін себуге байланысты, жерді күзден бастап дайындауды үйрене бастады, бидайдың құнды, бағалы сорттарын егуді, мәселен, полтава бидайын өсіруді үйренді, ал бұрынырақта тек тары ғана егетін. Сырдария және Жетісу облыстары уездерінің жергілікті тұрғындары, егіншілік саласында орыстардан гөрі, көршілес жергілікті халықтардан көбірек үйренді. Жергілікті тұрғындардың жер өңдеу кәсібінен тәуелділігі әр отбасына тиесілі егіс көлемінен айқын көрінеді. Егістік көлемі бір ғана Омбы уезінен басқа жерлердің бәрінде бірдей өсті. Бұл жағдай орыстар көбірек қоныстанған өңірлерге де, оңтүстіктегі дәстүрлі егіншілікті аудандарға да тән болды. Далалық өлкенің кейбір аймақтарындағы қазақ егіншілігі алдыңғы орынға да шыға бастады. Қазақтың ірі кәсіпкерлері қымбат тұратын ауылшаруашылығы машиналарын сатып ала бастайды: мәселен, соқалар, астық басатын машиналарды, шөп шабатын, егін оратын және т.б. Бұл машиналарды сатып алуға, әрине, кедей қазақтардың – жатақтардың «қалталары көтермеді», шамасы келмеді. Шетел фирмаларының қызметтерімен байланысты, қазақтар шөп шабуға үйренді. Пішен шабатын машиналар мен ат тырмалардың пайда болуымен бірге, орылған шөптің мөлшері артып, оны сақтау қазақтарды күштеген апаттардан, мәселен, жұт сияқты ауырпалықтардан сақтап отырды. Бірақ, бұл өзгерістер де қазақ халқына аз қолайлы жағдай туғызды, халық жайылымдық жерлердің жетіспеушілігінен, мал өнімдерінің Ресейге және шетелдерге тоқтаусыз экспортталуының салдарынан, жалпы мал санының қысқарып кетуінен зардап шекті. Арзан тұрмыстық тауарларының құйылып әкелінуі

мәселен, балталар, балғалар, шалғы, кетпендер, үтіктер, қайшылар және т.б. көптеген заттар – қолөнер кәсібі мен қолөнер өнеркәсібінің ғасырлар бойғы дәстүрін қиратты. Шетел фирмаларының қызметінің нәтижелері барлығында – дерлік байқалып тұрды. Бұл көріністердің бірі, киімдегі өзгерістер болды. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бас кезінде костюмнің жаңа түрі қалыптасты, «европалықша» түрі және осымен байланысты жаңа түсінік – «сән» (мода) пайда болды, ол әрқашан жалпы экономикалық, әлеуметтік және мәдени ағымдармен өзгеріп отырды. Май шығару кәсіпшілігінің өркендеуіне байланысты, май өнімдерін сыртқа шығару кеңейді, жыл сайын миллион сом көлемінде, тек Ресей ғана емес, шетел рыноктарына май өнімдеріне келіп түсті. Оңтүстік Қазақстанның аудандары, қосалқы шикізат ретінде Ресеймен және шетелдермен сауда жүйесінде маңызды рол атқарды. Мәселен, 1908 жылы Сырдария облысының сауда айналымы 75400 мың сомға тең болды, оның 55 миллион сомы Еуропалық Ресейден әкелінген тауарларға тиесілі болды [10, с.42]. Мал және ет өнімдері әдетте, Мәскеу және Петербургке, шошқа еті – Қазанның және Мәскеудің сабын Владимир губернияларына, ішек-қарын өнімдері Берлинге, Венаға және т.б. қалаларға әкетілді. Түркістан өлкесінің барлық зауыттарында 20935 жұмыскер болды, оның 16404 еркек және 3672 әйел немесе 17,5 пайыз және 849 жасөспірім немесе 4,1 пайыз болды, ал Сырдария облысы бойынша 3618 жұмыскердің 455 әйелдер және 246 жасөспірімдер болды [6, 72-73 бб.]. Шетел

капиталистерінің түрлі-түсті және көмір өнеркәсібі кәсіпорындарында еңбекақы төлеудің кесімді түрі кеңінен қолданылды. Еңбек ақы төлеудің кесімді немесе жекелеген түрі – еңбектің қарқындылығын орасан зор арттырып, ал оның есесіне жұмысшының денсаулығын құртатын, оның организмінің ерте тозуына әкеліп соқтырады. Бұл жүйені пайдалана отырып, шетелдік капитал өзінің қалтасына өте үлкен пайда салды.

Әдебиеттер:

1. Фомченко А.П. Русские поселения в Туркестанском крае в конце XIX – начале XX вв (социально – экономический аспект). – Ташкент: Фан, 1983. – 140 с.
2. Асылбеков М.Х. Развитие сети железных дорог Казахстана в конце XIX – начале XX века // Казахстан в канун Октября. – Алматы: Наука, 1968. – 270 с.
3. ҚРОММ. 239-к., 1-т., 14-іс.
4. Утин А.А. История Чимкентского химико – фармацевтического завода тов. Ф.Э.Дзержинского. – Чимкент: БТИ, 1958. – 130 с.
5. Васильев В.А. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины. СПб., 1915. -277 с.
6. Тоқбергенова З. Сырдария облысының 1917 жыл қарсаңындағы әлеуметтік – экономикалық жағдайы // Ақиқат, 2000. №5. 72-75 бб.
7. Туркестанское сельское хозяйство.1909.№12.С.952-973.
8. Жакупбекова Д.Ж. Торгово-промышленное предпринимательство в Казахстане во II пол. XIX – нач. XX вв. Дисс...к.и.н. – Алматы, 1994. – 140 с.
9. ҚРОММ. 342-к., 1-т., 538-іс.
10. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908г.-Ташкент, 1902.

Рецензент: к.и.н., доцент Омурбеков Э.К.